

П.Б. Сейітқазы¹, Н.А. Ырымбаева², К.Р. Кажимова³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

(E-mail: perizatbs@mail.ru, nurgul.a@internet.ru, kkr_1980@mail.ru)

Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу

Аңдатпа. Қазіргі жаһандық кезеңде білім беру жүйесінің міндеттері – мемлекетті білікті кадрлармен қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау, тұлғаның дамуы мен кәсіптік шыңдалуына бағытталған сапалы білім. Осы міндеттердің жүзеге асуы ЖОО-ны тарапынан қажетті жағдайлар жасалып, білім берудің заманауи деңгейде тиімді ұйымдастырылуымен байланысты. Бүгінгі ақпараттық коммуникациялық технологиялар гасырында білім берудің жаңа тенденцияларының бірі – медиабілім беру. Тұлғаның кәсіби дамуын медиабілім үдерісі арқылы жүзеге асырса, өз ортасында ақпаратты сауатты қолданатын, медиақұзыретті маман иелері шығады. ЖОО-ны түлегі медиасауатты, ақпараттық білімі мен кәсіби құзыреттілігі дамыған болса, мамандығы бойынша өнімді еңбек етіп, азаматтық белсенділік таныта отырып, жоғары нәтижелерге жететіні анық. Бүгінгі таңда компьютерлік және ақпараттық даму қарқынының артуы, ақпараттық құзыреттілікті жалпы құзыреттіліктің маңызды саласына айналдыра отырып, оны жан-жақты, тереңінен қарастырып, ғылыми зерттелуін талап етеді. Мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі «медиабілім», «медиабілім беру үдерісі», «құзыреттілік», «ақпараттық құзыреттілік» ұғымдарына берген анықтамалары талданып, тұжырымдамалар берілді. Сонымен қатар, студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша жазылған отандық ғалымдардың ғылыми жұмыстары салыстырыла талданып, зерттеу аймағына қарай топтастырылды. Тақырып аясындағы ғылыми еңбектерді зерделей келе, авторларлар медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға байланысты ұсынымдар берген. Студенттердің медиабілім үдерісінде ақпараттық құзыреттілігін дамыту, еңбек нарығы жағдайына бейімделуге мүмкіндік бере отырып, өзіндік білім деңгейін жүйелі түрде үнемі жетілдіруге ынталандырады, кәсіби және ақпараттық сауаттылығын толықтыру қажеттілігіне дағдыландырады.

Түйін сөздер: медиа, медиабілім, медиабілім үдерісі, құзыр, құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-228-241>

Кіріспе

Қазіргі жаһандық қоғамда болып жатқан саяси, экономикалық, мәдени, білім беру және қоғамдық өміріндегі өзгерістер жоғары оқу орындарына үлкен талап қойып, түлектердің білім деңгейінің жоғары және сапалы болуын міндеттейді. Сонымен қатар бүгінгі таңда мемлекеттің білім беру саласындағы қызметі мен іс-әрекеті білікті, кәсіби құзыретті мамандарды даярлау шеңберінде оқу бағдарламаларын әртараптандыруға, білім мен ғылымды дамытуға арналған бағдарламаларды тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Білім беру үдерісі – бұл жыл өткен сайын ашық, өзгермелі, дамушы, күрделі жүйеге айналуға. Соған сәйкес терең білім, білік, дағдысы мен кәсіби құзыреттілік негізінде еркін бағдарлай білуге, сыни ойлауға, өздігінен ізденіп, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, шығармашыл шешім қабылдауға қабілетті, мәдениетті, кез келген ортада бейімделгіш тұлғаны қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабындағы «Білім беру жүйесінің міндеттерінде – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы; білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету», – деп жазылған [1].

Осы айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін студенттердің ақпараттық құзыреттілігін медиабілім үдерісінде дамытуды тиімді ұйымдастырып, білім алушының өзінің білім алуға деген құлшынысын арттыру маңызды. Сапалы білім алған, қызығушылық, талпыныс, ізденімпаздығы мен кәсіби құзыретті, сауатты және бәсекелестікте өзін көрсете алатын студенттер ғана болашақта үлкен белестерден өтіп, биік шыңдарға жетуге мүмкіндік алады.

Жастарды қолдау, олардың еңбекқорлығы, білімділігі, кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілетті болуының маңыздылығы туралы: «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Қандай кәсіппен айналыссаңда, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», – деп Мемлекет басшысы Қ-Ж.К.Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауының «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» атты үшінші бағдарында айтқан болатын [2].

Ақпараттық қажеттіліктер мен ақпаратты іздеу жолдары студент өмірінің маңызды бөлігі. Ақпараттың шамадан тыс көп болуына байланысты соңғы екі онжылдықта бүкіл әлемде жедел әлеуметтік өзгерістер байқалды. Ақпарат өте тез құрылады және ескіреді, сондықтан ақпаратты жаңарту қажеттілігі үздіксіз процесс болып табылады. Әр адам өмір бойы өзгерістерді бастан кешіреді [3].

Осылайша, ақпараттың үздіксіз жаңару кезеңінде ЖОО-ны студенттерінің медиабілім үдерісінде ақпараттық құзыреттілігін дамыту – олардың білім, білік, дағдысы қалыптасқан, өз мамандығының кәсіби шебері болып шығуына өз әсерін тигізетіні анық.

Зерттеу әдістері

Авторлар зерттеу тақырыбының теориялық және әдіснамалық негізінде медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен зерттеулерінің әдіснамасын, тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, тақырып аясындағы ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, нақтылау бойынша жалпы ғылыми зерттеу әдістерін қолданды.

Талқылау

Медиабілім беру – масс-медианы пайдалану негізінде тұлғаның дамуына әсер ете отырып, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, әртүрлі ақпарат көздерін сауатты және ұтымды пайдалануға, сыни ойлауды дамытуға, алынған ақпаратты орынды түсіндіруге бағытталған.

«*Медиа*» термині (латын тілінде «*media*», «*medium*» – құрал, тасымалдаушы) ХХ ғасырда «бұқаралық мәдениет» құбылысын анықтап көрсету үшін енгізілген [4]. Сонғы жылдары медиа ұғымы БАҚ түсінігін алмастыра алатын термин ретінде қолданылып жүр. Ал, «*медиабілім беру*» (ағыл. *media education*, лат. *media* – құрал), педагогикадағы «бұқаралық коммуникация үлгілерін (баспасөз, теледидар, радио, кино, бейне және т.б.) зерттеуді насихаттайтын бағыт. Медиабілім берудің негізгі міндеттері: жаңа ұрпақты қазіргі ақпараттық қоғамдағы өмірге, әртүрлі ақпаратты қабылдауға дайындау, адамды оны түсінуге, оның психикаға әсерінің салдарын сезінуге, техникалық құралдардың көмегімен қарым-қатынастың вербалды емес формаларына негізделген қарым-қатынас тәсілдерін меңгеруге үйрету [5].

ЮНЕСКО-ның «БАҚ және цифрлық дәуір үшін білім беру» атты Вена конференциясында қабылданған ұсыныстарында: медиабілім беру саясатының жалпы анықтамасы, принциптері және ережелері берілген. Яғни, медиабілім беру – адамдардың өмір сүретін қоғамындағы коммуникация құралдарын түсінуі және оның қолданысын білуі, сондай-ақ басқалармен қарым-қатынас үшін медианы қолдану дағдыларын меңгеруі; медиабілім беру – адамдардың талдауды, сыни ойлау мен медиамәтіндерді жасауды үйренуін қамтамасыз етуі; медиабілім беру – әр қоғамдағы барлық азаматтардың мүмкіндіктері мен кеңейтілген құқықтарына бағытталуы керек. [6].

Осы уақытқа дейін отандық және шетелдік ғалымдар медиабілім берудің әртүрлі бағыттары мен мәселелерін, даму тарихы, әлемдік зерттелу деңгейі, жалпытеориялық сипаты, талдау тұжырымдамалары, модельдері мен әдістерін жан-жақты қарастырылып, көптеген еңбектер жариялаған. Шетелдік медиапедагогика саласы ғалымдарының еңбектеріне талдау жасай келе, медиабілім беру бойынша келесідей анықтамалар қаралды:

Р.Кьюби «Медиабілім беру – қоғам менадамдарды қалай және неліктен бейнелейтіндігі туралы түсінік беру, олардың медиаға қатысты аналитикалық дағдылары мен сыни ойлауын дамыту», – деп анықтады [7]. Ал Л.Мастерман «Медиабілім беру – адамның өмір бойы жалғасатын үдерісі. Медиабілім берудің мақсаты сыни ойлауды тәрбиелеу ғана емес, сонымен бірге сыни автономияны дамыту болып табылады. Медиабілім берудің тиімділігін екі критерий бойынша бағалауға болады: студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын жаңа жағдайларда қолдана алу қабілеті және олардың БАҚ-қа қатысты білдіретін міндеттемесі мен мотивациясының көлемі» деген принциптерді ұсынған [8].

П. Михайлидис өз еңбегінде: «Егер біз шынымен де азаматтардың барлығы медиасауатты болғанын қаласақ, сәйкесінше барлық жастарға жан-жақты, жүйелі және медиабілім берудің тұрақты бағдарламаларын ендіруіміз керек», – деген [9].

Ресейлік ғалым А.В. Федоров медиабілім беруді «Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық, коммуникативті қабілеттерін, сыни ойлауын, БАҚ мәтіндерін толық қабылдау, интерпретациялау, талдау және бағалау, медиатеологияны пайдалана отырып, өзін-өзі көрсетудің әртүрлі формаларын үйрету, дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы бұқаралық коммуникация (медиа) көмегі мен тұлғаны дамыту үдерісі», – деп түсіндірсе [10; 39], медиабілім саласының көрнекті өкілі И.В.Жилавская өзінің монографиясында «Қазіргі уақытта медиабілім беру тек педагогикалық ЖОО-ны мен факультеттерге ғана емес, техникалық, инженерлік, архитектура, жаратылыстану ғылымдары, экономикалық, саясаттану, мемлекеттік басқару факультеттері мен менеджменттің кез келген түріне одан да жоғары деңгейде қажет. Медиа да білім берудің коммуникациялық негізгі бөлігі сияқты, уақыт өте келе оқу орнын бітіруші түлектің негізгі құзыреттілігі болуы керек, ол әсерлі, экологиялық және қауіпсіз жаһандық медиакеңістікті игеруге мүмкіндік береді», – деп айтқан болатын [11; 156].

И.В.Челышева «Заманауи мұғалімдердің қызметінде медиабілім беру ерекше маңызға ие, мектеп оқушылары мен студенттерді қажетті білімдер мен дағдылар жиынтығымен қаруландыруға ғана емес, сонымен қатар олардың ұжымдағы және жалпы қоғамдағы тұлғааралық қатынастарын үйлестіру, жеке тұлғаның дамуына жанұяның, микроортаның әсерін талдауды жүзеге асыру және соның негізінде тәрбие жұмысының

оңтайлы формалары мен әдістерін таңдау маңызды. Медиабілім беру студенттерді әлемге бейімделуге, медиамәдениет, БАҚ тілін меңгеру, медиамәдениет туындыларын талдай білуге, т.б. көмектесуге арналған», – деген тұжырымдама жасады [12].

Ғалымдар келтірген анықтамаларды мағынасына қарай топтастыратын болсақ, бір бөлігі медиабілім беру – адамның өмір бойы жалғасатын үдерісі; ендігі бір бөлігі студенттердің негізгі және маңызды құзыреттілігі болуы керектігін айтса; енді біреулері тұлғаның сыни ойлауын дамытуы деп санайтындарға бөлінетінін аңғаруға болады. Зерттеушілердің әрқайсыларының пайымдаулары өз зерттеу контексінде дұрыс деп санаймыз.

Берілген түсіндірмелерді тұжырымдай келе, медиабілім беру – студенттерді әлемге бейімделуге, медиамәдениет, БАҚ тілін меңгеру, медиа ақпаратты талдай білуге көмектесуге арналған деген пікірлерімен толық қосыламыз.

Төмендегі суретте БАҚ-ның оқу-тәрбие үдерісіндегі рөлі, медиабілім, медиамәдениет, медиақұзыреттілікті зерттеуге және дамытуға үлес қосқан отандық ғалымдардың негізгі жұмыс бағыттары көрсетілген. (Сурет 1):



Сурет 2. Қазақстанда медиабілім беру саласының зерттелуіне үлес қосқан ғалымдар

Шетелдегідей «Медиабілім» саласы ауқымды түрде зерттеліп, арнайы медиабілім туралы газет-журнал басылымдар, ұйымдар, оқулықтар мен монографиялар көптеп жазылмаса да, елімізде соңғы жылдары оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді қолдану, болашақ мамандардың медиабілім, медиамәдениет, медиақұзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға негізделген ғылыми зерттеу жұмыстары жазылып жатқанына көз жеткіздік.

Зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми жұмыстарды талдай келе, медиабілім беру үдерісі – масс-медия өнімдері мен интернет мәліметтерін дұрыс, сыни қабылдап, тұлғаның алған ақпаратының психологиялық тұрақтылықты дамытып, оң бағытта және

адамгершілік тұрғысында игеру арқылы өзінің білім, білік, дағдысын дамытудағы өмір бойы жалғасатын үздіксіз үрдіс деп түсінеміз.

Қазіргі заманда ақпараттың көптігі мен техникалық құралдардың жылдам жаңаруын ескере отырып, еліміздің ертеңі болар жастарды медиабілім үдерісінде кәсіби білімін, ақпараттық құзыреттілін дамыту өзекті екені анық.

Оқу орны түлектерінің кәсіби маман ретіндегі деңгейі мен құзыреттілін арттыру, қоғамның қазіргі дамуында білім беру үрдісін ақпараттандыру және компьютерлендіру саласына бағытталуы, білім беру бағытын жаңғырту және ақпараттық құзыреттіліктің дамуына ықпал ететін білім беру алаңы ретінде медиабілім үдерісін кеңінен қолданудың маңызы зор.

Зерттеу тақырыбымыз аясындағы *студенттердің ақпараттық құзыреттілігі* түсінігіне тоқталмас бұрын, «құзыр», «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарын қарастыруды жөн көрдік.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «құзыр» ұғымына: «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау», – деген анықтама берілген [13].

Отандық зерттеушілер Г.Әбілқасымова, Д.Е.Әлімбеков: «Құзыр» ұғымы тұлғаның даму деңгейі немесе білім беру нәтижесі ретінде қарастырылады. Ал «құзыреттілік» – «құзыр» ұғымының туындысы. Сондықтан құзырды, құзыреттілікті білім сапасын бағалаудың негізгі өлшемдерінің бірі деп қарастыруымызға болады. Бұл жағдайда білім, іскерлік, дағды сырт қалмайды. Керісінше, олар жаңа сапалық мәнде, жаңа жағдайда бақыланады, – деп анықтады [14].

Ал ғалым А.В. Хуторской «Құзыр – оқушының нақты бір саладағы тиімді, өнімді іс-әрекетіне керек, алдын ала беріліп қойған әлеуметтік талаптары. Құзыреттілік – оқушының жеке қарым-қатынасы мен пәндік іс-әрекетін қамтитын, сәйкесінше игерген, меңгерген құзыры. Сондай-ақ, оқушының тұлғалық қалыптасқан сапасы және белгілі бір сала бойынша іс-әрекетінің аз мөлшердегі тәжірибесінің жиынтығы. Құзыреттілік – оқушының құнды-мағыналы бағдары, білім, білік, дағдысы сияқты тұлғалық сапалары мен белгілі бір әлеуметтік және тұлғалық маңызды саладағы іс-әрекет тәжірибесі», – деген анықтамаларды ұсынды [15].

Адам ресурстарының өнімділігі көптеген аспектілерге байланысты, соның ішінде білім, тәжірибе, техникалық және әлеуметтік дағдылар, мотивтер, эмоциялар және мінез-құлық. Осы сипаттамалардың барлығын анықтау үшін жиі қолданылатын бір сөз – құзыреттілік. Құзыреттіліктер қажетті біліктілік деңгейінде жұмысты орындауға қойылатын талаптардың сипаттамасын білдіреді [16].

Құзыреттілік «competens» сөзі латын тілінен аударғанда белгілі бір кең аумақтағы мәселелерді шешуде тәжірибе негізінде білімді, дағдыны қолдана білу, нәтижелі әрекет ету қабілеті деген мағынаны береді [17].

Отандық ғалым Б.Т.Кенжебеков: «Жалпы құзыреттілікті адам еңбегінің нәтижелеріне сүйене отырып пайымдаған жөн. Себебі, кез-келген саладағы қызметкер, өз әрекетімен кәсіби қызметтің түпкі талаптарына сай жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби түрде құзыретті болып саналады», – деп қарастырады [18]. Ал профессор Ш.Т.Таубаева «Құзыреттілік –әлеуметтену және оқыту үрдістерінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның іс-әрекетке даярлығы мен жалпы қабілеттерінен байқалатын интегралды қасиетін түсіндіреді», – деп тұжырымдады [19].

РФ-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Э.Ф. Зеер «Құзыреттілік білім мен дағдының, кәсіптік қызметті өнімді орындау жолдарының жиынтығы ретінде», – десе [20], шетелдік зерттеушілер С.Ё.Шин және Ч.Ё. Ким «Құзыреттілік – бұл функционалдық тапсырма емес, әртүрлі жұмыс талаптарын тиімді орындауға қол жетімді мүмкіндіктер, әрекеттер, үдерістер және жауаптар тізімі», – деп анықтама беріп, «Жеке құзыреттілік – жеке нәтижеге оң әсер етеді», – деген болжам ұсынды [21]. Ал П. Ружевски мен М. Прыс «Құзыреттілік -

нақты, анықтуға болатын білім, дағды, қабілеттердің өлшемі; қолданумен байланысты басқа да сипаттамалар (мысалы, көзқарастар, қарым-қатынас, іс-әрекет, физикалық мүмкіндіктер); белгілі бір іскерлік контексіндегі адамның орындай алатын іс-әрекеті және игеретін ресурстары, – деп түсіндіреді [22].

Осылайша, ғылыми зерттеу әдебиеттеріндегі *құзыр* және *құзыреттілікке* берген анықтамаларды талдай келе: тұлғаның оқу үдерісі мен іздену нәтижесінде игерген белгілі бір деңгейдегі білім, білік, дағдысы; мәселені жан-жақты білуі; тиімді шешім қабылдай алуға қабілеттілігі; жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту нәтижесін көрсететін, көп өлшемді ұғым; іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінің сапалық жиынтығы ретінде қарастырылғанын көрдік. Сонымен, құзыреттілік – жеке тұлғаның өмірлік және кәсіби міндеттерді шешу тәжірибесінде көрініс табатын білім, білік және іс-әрекеттің әмбебап әдістерін меңгерудегі алған білімнің нәтижесі деп тұжымдаймыз.

Қазіргі таңда зерттеушілер заманауи адамға қажет, сұранысқа ие, қолданыс ауқымы кең құзыреттіліктің негізгі түрлерінің бірі ретінде – ақпараттық құзыреттілікті бөліп көрсетеді.

Қоғамның кәсіби мамандарды дайындау деңгейіне қоятын талаптарының өсуі мен медиабілім үдерісінде ЖОО-ны түлектерінің ақпараттық құзыреттілік деңгейі арасында қарама-қайшылықтар, студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға аса мән беру керек екендігін анықтады. Осылайша, қажетті ақпаратты масс-медиядан өз бетінше іздеп, сұрыптай алатын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін қолдана отырып ақпаратты талдап, ұйымдастыра және қайта жаңғырта алатын мамандардың қажеттілігі артауда.

Ақпарат көлемі мен ақпарат көздерінің күн сайын артуы, технологиялардың жылдам жаңаруы мен оларды қолдана алу мүмкіндігі, ақпаратты өздігінен ізденіп табуы мен оны орынды қолдана алуы – ақпараттық құзыреттілігі дамыған, болашақ кәсіби маманды дайындау қажеттілігін туындатады.

Жас маман еңбек нарығының талаптарына сай келіп, ақпарат ағымында бағдарлай алуы үшін медиақұзыретті болып, масс-медиядан алған ақпараттарын дұрыс өңдеп, игі істе қолдана алуы керек. Ақпарат ағымының жаңарып, түрленіп отыруына орай тұлға өмір бойы білімін кеңейте түспек. Осы орайда ЖОО-ны іргесінде студенттің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға баса мән беру маңызды деген ойдамыз.

Студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту мәселесі шетелдік және отындық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тауып, әр қырынан қаралып, зерттеу бағытына орай анықтамалар берілген.

Адамның ақпараттық құзыреттілігін дамыту – тұлғаны дамытудың бөлінбейтін тұтас үдерісі ретінде, жеке тұлғаның ақпараттық қарым-қатынастар мен ақпараттық мәдениет әлеміне кезеңді түрде енуі арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, ақпараттық құзыреттілік түсінігін теориялық білімді біріктіруге негізделген күрделі, әрі жеке психологиялық қалыптасу, инновациялық технологиялар саласындағы тәжірибелік қабілеттер мен жеке қасиеттердің белгілі бір жиынтығы, – деп Н.П.Табачук бастаған бірнеше ғалымдар ұсынды [23]. Ал, М. Пинто, Р. Фернандес-Паскаль және т.б. зерттеушілер: «Ақпараттық құзыреттілікті дамыту белгілі бір мәселелерді шешу немесе мақсат қою арқылы жетістікке жету үшін әртүрлі контексте қабілеттерді, білім мен дағдыларды ортақ пайдалануды білдіреді», – деп пайымдады [24].

А.В. Вишнякова өзінің диссертациялық зерттеуінде «Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік ақпаратты өз бетінше іздеу, таңдау, талдау, жүйелеу, ұсыну, беру; жобалау объектілері мен процестері; адамдармен байланыс орнату мүмкіндігі» - десе, [25] ал, О.Б. Зайцеваның пікірінше, «Ақпараттық құзыреттілік – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істеу үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды интеграциялау нәтижесінде қол жеткізу» [26].


Өз зерттеулерінің нәтижесінде Э.Ф. Морковина: «Студенттің ақпараттық құзыреттілігі – ақпараттық кеңістікте бағдарлану мен белсенділікке қажетті құзыреттер жиынтығын меңгеру дәрежесін сипаттайтын тұлғаның кәсіби маңызды интеграциялық сапасы», – деген

тұжырым жасаса [27], зерттеуші М.В. Романова: конструктивистік көзқарасқа негізделген студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық моделін ұсынып, оны мақсатты (нақты, ұзақ мерзімді және операциялық мақсаттардың бірлігі және осы мақсаттарды бөлетін міндеттер жиынтығы); мазмұнық (теориялық және технологиялық сипаттағы ақпараттық білімдер жиынтығы); технологиялық (эксперттік жүйені жобалау технологиясы шеңберінде жүзеге асырылатын әдістер, құралдар); ұйымдастырушылық (студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту процесінің шарттары мен кезеңдері); тиімді (деңгейлері, критерийлері, көрсеткіштері, диагностикалық әдістері), – деп көрсеткен болатын [28]. Бұл модель деңгейлік сипатқа ие бола отырып, студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың төменгі, орта және жоғары деңгейлерін қамтиды.

Ғалым Л.Р. Вотякова: «Студенттің кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін – қазіргі кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарап, оларды құндылық-мотивациялық, ақпараттық, зияткерлік, зерттеушілік, коммуникативті әлеуетін біріктіретін жүйелі тұлғалық және кәсіби сапасы ретінде қарастырған жөн. Болашақта кәсіби қызметінде ақпараттық ресурстарды, инновациялық білім беру үдерісін модельдеу мен енгізу үшін де, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту үшін де, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды шығармашылықпен пайдалануда да қамтамасыз етеді», – деп сипаттаған [29].

Аталған ғалымдардың *студенттердің ақпараттық құзыреттілігіне қатысты* берген сипаттамалары мен анықтамаларын талдай келе, ақпараттық құзіреттілік – білім, білік және дағдының деңгейі ретінде ғана емес, ақпараттық кеңістікте жылдам бағдарлана алуға мүмкіндік, сонымен қатар компьютерлік технологияларды пайдалана отырып ақпаратты іздеу, бағалау, пайдалану және сақтау тәжірибесі, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту, оқу міндеттерін және практикалық тапсырмаларды шешудегі құзыреттілік, өзіндік тәжірибе және сапа ретінде қарастырылғанына көз жеткіздік.

Отандық ғалымдардың да еңбектерінде ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру, дамыту мәселелері біршама зерттеліп, тақырып аясында теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, педагогикалық, психологиялық шарттары мен моделі жасалып, түрлі әдістемелер ұсынылған. Авторлардың еңбектерін зерттеу тақырыбына қарай топтастыру төмендегі суретте көрсетілген (Сурет 2):



Сурет 2. Қазақстандық ғалымдардың ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту бойынша еңбектерінің топтастырылуы

Ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша зерттеулеріне талдау жасай келе, бұл құзыреттілік ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ресурстарының көмегі арқылы әртүрлі білім беру міндеттерін шешумен байланыстылығы аңғарылды. Сонымен қатар, студент білім, тәжірибе, құндылықтар мен бейімділіктерді пайдалана отырып, нақты өмірлік жағдайларда туындайтын мәселелерді шешу қабілеті, компьютерлік-бағдарламалық сауаттылығы, кәсіби ізденуде мақсаттарға жету үшін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануы, үздіксіз кәсіби дамуы, кәсіби жұмыста өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті ақпараттық технологиялар саласында өзін-өзі жетілдіруге дайын болу маңыздылығы анықталды.

Ақпараттық құзыреттілік мазмұнының негізі жеке тұлғаның ақпараттық үдерістерге қатысу қабілеті мен дайындығы, АКТ құралдарын пайдалана отырып, алдына қойған міндеттерді табысты шешу болып табылады.

Студенттің медиабілім үдерісіндегі ақпараттық құзыреттілігі – оның жеке білімі, яғни ақпаратпен жұмыс істеуге қажетті білім, білік және дағдылардың біріккен жүйесі, сапа мен тәжірибесінің жиынтығы, оларды қолдану арқылы әртүрлі іс-әрекет түрлерін жүзеге асыру қабілеті деп тұжырымдаймыз.

Нәтижелер

Отандық білім берудің модернизациясында педагогикалық мамандыққа қойылатын талаптар күшейтілуде, жауапкершілік артуда. Оқу орны түлектерінің кәсіби сауатты маман болып шығуы мен кәсіби құзыреттілігі басты орынға қойылған. Заман ағымымен қолданыстағы қарым-қатынас құралдары жыл сайын білім алушылардың өмірінде және оқу үдерісінде маңызды рөл алуда. Осылайша, медиабілім үдерісінде теориялық және практикалық әдістерді қолдану арқылы студенттердің ақпараттық құзыреттілігінің дамуына ықпал етуге болады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, авторлар медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың маңыздылығын басшылыққа ала отырып, келесі ұсынымдарды дамытуды қарастырады:

- студенттерді заманауи қоғамда ақпараттық сауаттылығын арттыру;
- білім алушылардың масс-медиа құралдарынан алынғын ақпараттың тұлғалық дамуға, психикаға әсерін білуі;
- АКТ-ды кәсіби қолдану арқылы, ақпарат көздеріне еркін шыға алу;
- әр түрлі ресурстардан қажетті ақпарат көздерінен таба алуы және сұрыптай білуі;
- ақпараттың түпкілікті мақсатын және бағыттылығын аңғара білу қабілеті;
- алынған ақпаратпен келісу немесе келіспеуге байланысты ой тұжырымдарын шығару қабілеті;
- ақпараттың шынайылығын тексере білу құзыреттілігі;
- сенімді ақпарат көздерінен мәлімет ала білуге мүмкіндігі;
- өзінде бар білімін, ақпарат көздерінен алған біліммен толықтырып, кәсіби міндеттерді шығармашыл шешу дағдысы;
- жан-жақты ізденімпаз, адамгершілікті, белсенді тұлғаның қалыптасуы.

Осы аталған ұсынымдарды жүйелі, тиімді және бірізділікпен жүзеге асыру үшін арнайы курстық дәріс, практикалық жаттығулары мен шығармашылық тапсырмаларының тұтас циклін ұйымдастыру арқылы медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік туады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, тұлғаның ақпараттық құзыреттілігін дамытудың маңызды көрсеткіші оның ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, ал негізгі мақсаты жаңа кәсіби міндеттерді шешу кезінде туындайтын ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру болып табылады.

Болашақ мамандардың медиабілім үдерісінде ақпараттық құзыреттілігін дамыту - қоғамдағы ақпараттың көптігі мен құбылмалы ағынында бағдарлануға, алынған ақпаратты таңдау, өңдеудің өзіндік рухани, құндылық-адамгершілік сүзгісін жасай білуге, алынған білімге сыни көзқарасты қалыптастыруға, ақпаратты шығармашылықпен таңдай білуге көмектеседі.

Қазақстанда студенттердің ақпараттық құзыреттілігін медиабілім үдерісінде дамыту жағдайын талдай отырып, жоғары оқу орындарында бұл мәселе толыққанды зерттелмегенін, әлі де жан-жақты қарастырып, заман ағымының өзгерістері мен жаңалықтарын, техникалық құралдар мен бағдарламалардың жаңарып отыруын басшылыққа ала отырып, зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек деп қорытындылаймыз.

Қаржыландыру. АР19679344 «ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу» ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. 28.06.2007ж., №546 Қаулысы. – Астана: Ақорда, – 2007. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> (қарастырылған күні: 09.02.2023).
2. ҚР Президенті Қ.-Ж.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауы [Электрон. ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (қарастырылған күні: 09.02.2023).
3. Khanum A., Khanum A., Bashir F. Information Competencies and Information Seeking Behavior in Digital Paradigms: A Case of Urdu Literature // Journal SAGE Open, Insurgent Sociologist. – 2021. – No.11(4). P. 30–50.
4. Федоров А.В. Словарь терминов по медиаобразованию, медиапедагогике, медиаграмотности, медиакомпетентности. – Таганрог: Изд-во Таганрог. гос. пед. ин-та, 2010. – 64 с.
5. Панова В.Г. Российская педагогическая энциклопедия: В 2 т. – М: «Большая Российская энциклопедия», 1993. – 1160 с.
6. UNESCO. Recommendations Addressed to the United Nations Educational Scientific and Cultural / Organization In Education for the Media and the Digital Age. Vienna: UNESCO, – 1999. – [Электрон. ресурс] – URL: <https://www.mediamanual.at/en/pdf/recommendations.pdf> (қарастырылған күні: 09.02.2023).
7. Kubey R. Obstacles to the development of media education in the United States // Journal of communication. Winter, 1998. – Vol. 48. – No.1.
8. Masterman L. Media Awareness Education: Eighteen Basic Principles // Teaching the Media, Comedia Books. – 1985. [Электрон. ресурс] – URL: <http://www.medialit.net/reading-room/media-awareness-education-eighteen-basic-principles> (қарастырылған күні: 09.02.2023).
9. Mihailidis P. The media education manifesto by David Buckingham // Journal of Children and Media. – 2020. – Vol.14. – Issue 4. – P. 526-528.
10. Федоров А.В. Медиаобразование: история, теория и методика: монография. – Ростов-на-Д.: Изд-во ЦВВР, 2001. – 708 с.
11. Жилавская И.В. Медиаобразование молодежи: монография. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: МПГУ, 2018. – 214 с. – 156 с.
12. Чельшева И.В. Медиаобразовательный компонент в работе учителя школы и преподавателя вуза: возможности реализации // ЗНАК проблемное поле медиаобразования. Научный журнал, 2016. – № 4 (21). – С.15-20.
13. Құсайынов А.Қ. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, 2007. – 256 б.
14. Әбілқасымова Г., Әлімбаев Д.Е. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы, 2014. – № 2. – 37-43 Б.
15. Хуторской А.В. Технология конструирования компетентностного обучения // Вестник Института образования человека, 2011. – № 2. – С.2-23.
16. Midhat A.M., Qureshi S.M., Memon M.S., Mari S.I., Ramzan M.B. Competency Framework Development for Effective Human Resource Management // Journal SAGE Open. – 2021. – 11(2). [Электрон. ресурс]. – URL: <https://doi.org/10.1177/21582440211006124> (қарастырылған күні: 09.02.2023).
17. Петров Ф.Н. Словарь иностранных слов. – 18-е изд. – Москва: Рус. яз., 1989. – 620 с.
18. Кенжебеков Б.Т. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі. // Бастауыш мектеп. – 2004. – №7. – Б. 3-7.
19. Таубаева Ш.Т. Педагогика: оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 357 б.
20. Зеер Э.Ф., Павлова, А.М., Сумануик Е.Е. Модернизация профессионального образования: компетентностный подход: Учеб. пос. – Москва: МПСИ, 2005. – 216 с.
21. Shin S.Y., Kim C.Y. Does a Competent Member Always Obtain Good Results? The Social Identity Perspective // Journal SAGE Open. – 2021. – No. 11(1). [Электрон. ресурс] – URL: <https://doi.org/10.1177/21582440211006144> (қарастырылған күні: 09.02.2023).

22. Przemysław R., Marcin P. How to visualize the competence: the Issue of Occupational Information Network Visualization // *Procedia Computer Science*. – 2021. – Vol. 192. – P. 4845-4852.
23. Tabachuk N.P., Ledovskikh I.A., Shulika N.A., Karpova I.V., Kazinets V.A., Polichka A.E. Information Competency and Creative Initiative of Personality and Their Manifestation in Activity// *Journal of Social Studies Education Research*. – 2018. – Vol. 9. – No 1. – P. 168–186.
24. Pinto M., Fernández-Pascual R., Gómez-Hernández A., Cuevas A., Granell X., Puertas S., Guerrero D., Gómez C., Palomares R. Attitudes toward Information Competency of University Students in Social Sciences // *Journal of portal: Libraries and the Academy*. –2016. – Vol. 16. – P. 737 – 761.
25. Вишнякова А.В. Образовательная среда как условие формирования информационно-коммуникативной компетентности учащихся: автореф. дис.канд.пед.наук. – Оренбург, 2002. – 23 с.
26. Зайцева О.Б. Информационная компетентность учителя образовательной области «Технология» // *Педагогика*. – 2004. – № 7. – Библиогр.: С. 17–23.
27. Морковина Э.Ф. Развитие информационной компетентности студента в образовательном процессе: Дис.канд.пед.наук. – Оренбург, 2005. – 212 с.
28. Романова М.В. Развитие информационной компетентности студентов университета на основе конструктивистского подхода: Дис.канд.пед.наук. – Магнитогорск, 2006. – 172 с.
29. Вотякова Л.Р. Развитие профессионально-информационной компетентности студентов - будущих педагогов: Дисс.канд.пед.наук. – Казань, 2010. – 211 с.

П.Б. Сейтқазы¹, Н.А. Ырымбаева², К.Р. Кажимова³

^{1,2}*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

³*Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова,
Уральск, Казахстан*

Изучение научно-педагогической литературы по развитию информационной компетентности студентов в процессе медиаобразования

Аннотация. На современном глобальном этапе задачами системы образования являются обеспечение государства квалифицированными кадрами, подготовка конкурентоспособных специалистов, качественное образование, направленное на развитие и профессиональное становление личности. Реализация этих задач связана с созданием необходимых условий со стороны вуза и эффективной организацией образования на современном уровне. Сегодня, в век информационно-коммуникационных технологий, одной из новых тенденций в образовании является медиаобразование. При осуществлении профессионального развития личности через процесс медиаобразования появляются медиакомпетентные специалисты, грамотно использующие информацию в своей среде. Выпускник вуза, обладая медиаграмотными, информационными знаниями и профессиональными компетенциями, успешно трудится по специальности, проявляет гражданскую активность, достигает высоких результатов. Сегодня рост темпов компьютерного и информационного развития, превращая информационную компетентность в важнейшую область общей компетенции, требует ее всестороннего, глубокого рассмотрения и научного изучения. В статье проанализированы определения отечественных и зарубежных ученых к понятиям «медиаобразование», «процесс медиаобразования», «компетентность», «информационная компетентность» в научных трудах. Кроме того, были проанализированы научные работы отечественных ученых по формированию и развитию информационной компетентности студентов и сгруппированы в зависимости от региона исследования. Изучив научные труды в рамках темы, авторы дают рекомендации, связанные с развитием информационной компетентности студентов в процессе медиаобразования. Развитие информационной компетентности студентов в процессе медиаобразования, позволяющее адаптироваться к условиям рынка труда, стимулирует к систематическому постоянному совершенствованию собственного уровня знаний, приучает к необходимости пополнения профессиональной и информационной грамотности.

Ключевые слова: медиа, медиаобразование, процесс медиаобразования, компетентность, компетенция, информационная компетентность.

P.B. Seiitkazy¹, N.A. Yrymbayeva², K.R. Kazhimova³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan¹

³West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Uralsk, Kazakhstan

Study of scientific and pedagogical literature on the development of information competence of students in the process of media education

Abstract. At the present global stage, the purpose of the education system is clearly defined as providing the state with qualified personnel, training competitive specialists, which quality education aimed to the development and professional formation of the individual. The implementation of these tasks is connected with the creation of the necessary conditions on the part of the university and the effective organization of education at the modern level. In the 21 century, in the age of information and communication technologies, one of the new trends in education is media education. By the professional personal development through the process of media education, media-competent specialists will be skilled enough to use information in their environment competently. It is obvious that a graduate of a university with a developed media literacy, information education and professional competence will achieve high results, working productively in the specialty and showing civic activity. Today, the growth of the pace of computer and information development, turning information competence into the most important area of general competence, requires its comprehensive, in-depth consideration and scientific study. The article analyzes the definitions of domestic and foreign scientists to the concepts of «media education», «media education process», «competence», «information competence» in scientific works. The article analyzes the definitions of the concepts of «media education», «the process of media education», «competence», «information competence» in the scientific works of domestic and foreign scientists and gives concepts. In addition, the scientific works scientists on the formation and development of students' information competence were analyzed and grouped depending on the region of the study. Studying scientific works within the framework of the topic, the authors give recommendations related to the development of students' information competence in the process of media education. The development of information competence of students in the process of media education, encourages regular continuous improvement of the level of self-education, allowing them to adapt to the conditions of the labor market, instills skills in the need to supplement professional and information literacy.

Keywords: media, media education, process of media education, competence, information competence.

References

1. QR “Bilim turaly” Zany. 28.06.2007 zhyl [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” of 27 July, 2007 No. 546] Astana: Akorda. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> [in Kazakh]. (accessed 09.02.2023).
2. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti Q.-Zh.K. Toqaevtyñ “Adilet memleket. Birtutas Ult. Berekeli kogam” Qazaqstan khalqyna Zholdauy [The nation address “A fair state. One nation. Prosperous society ” of President of the Republic of Kazakhstan, September 1, 2022]. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> [in Kazakh]. (accessed 09.02.2023).
3. Khanum A., Bashir F. Information Competencies and Information Seeking Behavior in Digital Paradigms: A Case of Urdu Literature. *Journal SAGE Open, Insurgent Sociologist*, 2021. No.11(4). P. 30–50.
4. Fedorov A.V. Slovar' terminov po mediaobrazovaniyu, mediapedagogike, mediagramotnosti, mediakompetentnosti [Glossary of terms on media education, media pedagogy, media literacy, media competence] (Izdatelstvo Taganrog, Taganrog, 2010, 24 p.). [in Russian].
5. Panova V.G. Rossiyskaya pedagogicheskaya entsiklopediya: V 2 t. [Russian Pedagogical Encyclopedia: In 2 volumes] (Moscow, 1993, 1160 p.). [in Russian]
6. UNESCO. Recommendations Addressed to the United Nations Educational Scientific and Cultural / Organization In Education for the Media and the Digital Age. Vienna: UNESCO, (1999). Available at: <https://www.mediamanual.at/en/pdf/recommendations.pdf> (accessed 09.02.2023).
7. Kubey R. Obstacles to the development of media education in the United States. *Journal of communication*. 1998.

8. Masterman L. Media Awareness Education: Eighteen Basic Principles. Teaching the Media, Comedia Books. Available at: <http://www.medialit.net/reading-room/media-awareness-education-eighteen-basic-principles> (accessed 09.02.2023).
9. Mihailidis P. The media education manifesto by David Buckingham. *Journal of Children and Media*. 2020. No.14(4). P.526-528.
10. Fedorov A.V. Mediaobrazovaniye: istoriya, teoriya i metodika: monogr [Media education: history, theory and methodology: monograph] (Izd-vo TSVVR, Rostov n/D, 2001, 708 p.). [in Russian].
11. Zhilavskaya I.V. Mediaobrazovaniye molodezhi: monogr [Media education of youth: monograph] (MPGU, Moscow, 2018, 214 p.). [in Russian]
12. Chelysheva I.V. Mediaobrazovatel'nyy komponent v rabote uchitelya shkoly i prepodavatelya vuza: vozmozhnosti realizatsii [Media Educational Component in the Work of a School Teacher and a University Teacher: Possibilities for Implementation]. *SIGN problematic field of media education Research Journal*, 2020. No.4(21). P.15-20. [in Russian].
13. Kusaynov A.K. Qazaq tili terminderinin salalyk gylymi tusindirime sozdigi Pedagogika zhane psikhologiya [Scientific explanatory dictionary of Kazakh language terms: Pedagogy and psychology] (Mektep, Almaty, 2007, 256 p.). [in Kazakh].
14. Abilqasimova G., Alimbekov D.E. Bolashaq kasiptik okytu pedagogtarynyn kasibi quzyrettiligin qalyptstyru joldary [The ways of formation of professional competence of future teachers of vocational education] *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Pedagogika*. 2014. P. 2(74). P. 37- 43. [in Kazakh].
15. Khutorskoy A.V. Tekhnologiya konstruirovaniya kompetentnostnogo obucheniya [Technology for constructing competence-based learning] *Vestnik Instituta obrazovaniya cheloveka*. 2, 23 (2011). [in Russian].
16. Midhat A.M., Qureshi S.M, Memon M.S, Mari S.I., Ramzan, M.B. Competency Framework Development for Effective Human Resource Management. *Journal SAGE Open*.11(2). (2021). Available at: <https://doi.org/10.1177/21582440211006124> (accessed 09.02.2023).
17. Petrov F.N. Slovar' inostrannykh slov [Dictionary of foreign words] (18th ed. Moscow, 1989, 620 p.). [in Russian].
18. Kenzhebekov, B.T. Mamannyn kasibi quzirettiliginin teorialik negizi [Theoretical basis of professional competence of a specialist] *Bastauysh mektep*. 2014. No.7. P.3-7. [in Kazakh].
19. Taubayeva, Sh.T., Imanbayeva, S.T., & Berikkhanova, A.E. *Pedagogika: okulyk* [Pedagogy: book] (ONON, Almaty, 2018, 357 p.). [in Kazakh].
20. Zeyer, E.F., Pavlova, A.M., Symanyuk, E.E. *Modernizatsiya professional'nogo obrazovaniya: kompetentnostnyy podkhod: Ucheb. pos* [Modernization of Vocational Education: Competence-Based Approach: Textbook] (MPSI Moscow, 2005, 216 p.). [in Russian].
21. Shin S.Y., Kim C.Y. Does a Competent Member Always Obtain Good Results? The Social Identity Perspective. *Journal SAGE Open*. 2021. No. 11(1). Available at: <https://doi.org/10.1177/21582440211006144> (accessed 09.02.2023).
22. Przemysław R., Marcin P. How to visualize the competence: the Issue of Occupational Information Network Visualization. *Procedia Computer Science*.2021. No. 192. P.4845-4852.
23. Tabachuk N.P., Ledovskikh I.A., Shulika N.A., Karpova I.V., Kazinets V.A., Polichka A.E. Information Competency and Creative Initiative of Personality and Their Manifestation in Activity. *Journal of Social Studies Education Research*. 2018. No.9(1). P.168–186.
24. Pinto M., Fernández-Pascual R., Gómez-Hernández A., Cuevas A., Granell X., Puertas S., Guerrero D., Gómez C., Palomares R. Attitudes toward Information Competency of University Students in Social Sciences. *Journal of portal: Libraries and the Academy*. 2016. P. 737 – 761.
25. Vishnyakova A.V. Obrazovatel'naya sreda kak usloviye formirovaniya informatsionno-kommunikativnoy kompetentnosti uchashchikhsya: aftoreferat dis... kandidata nauk [Educational environment as a condition for the formation of information and communication competence of students: Extended abstract of candidate's thesis]. *Orenburg*, 2002. P.23. [in Russian].
26. Zaytseva O.B. Informatsionnaya kompetentnost' uchitelya obrazovatel'noy oblasti «Tekhnologiya» [Information competence of the teacher of the educational field "Technology"] *Pedagogika. – Bibliogr*. 2013. No.7. P.17–23. [in Russian].
27. Morkovina E.F. Razvitiye informatsionnoy kompetentnosti studenta v obrazovatel'nom protsesse [Development of information competence of a student in the educational process: Extended abstract of candidate's thesis]. *Orenburg*, 2005. P. 212. [in Russian].

28. Romanova M.V. Razvitiye informatsionnoy kompetentnosti studentov universiteta na osnove konstruktivistskogo podkhoda [Development of Information Competence of University Students on the Basis of a Constructivist Approach: Extended abstract of candidate's thesis]. Magnitogorsk, 2006. P.172. [in Russian].

29. Votyakova L.R. Razvitiye professionalno-informatsionnoy kompetentnosti studentov - budushchikh pedagogov [Development of professional and informational competence of students - future teachers: Extended abstract of candidate's thesis]. Kazan, 2010. P. 211. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Сейітказы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ырымбаева Н.А. – **корреспонденция үшін автор**, 1 курс докторанты, «Педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан.

Кажимова К.Р. – 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD), «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан.

Seitkazy P.B. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Yrymbayeva N.A. – Corresponding author, PhD student, Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kazhimova K.R. – PhD, Department of Pedagogy and Psychology, West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Uralsk, Kazakhstan.